

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау**

<b>Мемлекеттік мекеме</b>	«Дарынды ер балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интеранты» (pavlodarboyski.edupage.org)
<b>Қызмет алушылар</b>	Жеке тұлғалар
<b>Қызмет көрсететін орын</b>	1) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы; 2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі: - Дарынды ер балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интеранты
<b>Қызмет құны</b>	Тегін
<b>Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны</b>	электрондық/қағаз түрінде
<b>Қызмет көрсету мерзімі</b>	Көрсетілетін қызмет берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы жүгінген кезде – қолхат алу үшін бес жұмыс күні; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымына қабылдау үшін: оқудың күндізгі және кешкі нысанына – 30 тамыздан кешіктірмей; Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут. Қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
<b>«Электронды үкімет» порталында қызмет көрсету</b>	1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші; 2) егер көрсетілетін қызметті алушы 2008 жылға дейін туылса, оның туу туралы куәлігінің электрондық көшірмесі; 3) дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды, № 086/е нысанының электрондық көшірмесі; 4) көрсетілетін қызметті алушының 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті; 5) педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссия (бар болса) қорытындысының электрондық көшірмесі.
<b>Мемлекеттік мекеме арқылы қызмет көрсету</b>	1) стандартқа 1-қосымшаға сәйкес өтініші; 2) 2008 жылға дейін туылған жағдайда, көрсетілетін

	<p>қызметті алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын растайтын құжат (түпнұсқа жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>3) дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 086/е нысан;</p> <p>4) 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосурет;</p> <p>5) педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы (болған жағдайда).</p> <p>Шетелдік және азаматтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:</p> <p>1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;</p> <p>2) азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігі;</p> <p>3) босқын – босқын куәлігі;</p> <p>4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның куәлігі;</p> <p>5) оралман – оралман куәлігі.</p>
<b>ХҚО арқылы қызмет көрсету</b>	Жоқ
<b>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат</li> <li>- Жаңа оқу жылынан бастап бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрық</li> </ul>